Ұтымды температуралық параметрлер мен ыдыстың жан-жағынан бірқалыпты қызуы үгілгіш тамаша гарнирлерді әзірлеуге мүмкіндік береді.

Бұл бағдарламада әзірлеу кезінде құрылғының **қақпағын жауып, оны жабық күйінде** қалдыруға кеңес беріледі.

АУЫСПАЙДЫ. Сонымен бұл әзірлеу бағдарламасының жұмыс уақытысы аяқталғаннан кейін әмбебап ас әзірлегіш құрылғы дыбыстық сигналын шығарады да, содан кейін күту режиміне ауысады.

«Сорпа» бағдарламасы

Бұл бағдарламасы әр түрлі сорпаларды әзірлеу үшін арнайы арналған.

Бұл бағдарламада әзірлеу кезінде құрылғының **қақпағын жауып, оны жабық күйінде** қалдыруға кеңес беріледі.

Бұл бағдарлама үшін кейінге қалдырылған старт функциясы қолжетімді, осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың (5.2.) тарауында сипатталған нұсқауларын қараңыз.

Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың «Жұмыс тәртібі» 5.1.тарауында көрсетілген нұсқауларын басшылыққа ала отырып, оның барлық ережелерін қолданыңыз.

Барлық қажетті тағамдық ингредиенттерді, тағам әзірлеудің рецептурасына сәйкес, тостаққа салыңыз. Әмбебап ас әзірлегіш құрылғының ішіне тостақты орнатыңыз.

Бұл бағдарламаның орындауылына алдын ала әдепкі қалпы бойынша белгіленген әзірлеу уақыттың бастапқы мәні – 1 сағат 30 минутқа тең.

Әзірлеудің уақыттық диапазоны 5 минуттан бастап 1 сағат 30 минутқа дейін вариацияланып, өзгертіліп тұру мүмкін, әзірлеудің уақыттық диапазонын минималды 5 минуттық ауыспалы қадамымен өзертуге болады.

“СТАРТ” батырмасын басу арқылы бұл әзірлеу бағдарламаны іске қосыңыз.

Сонымен әзірлеу бағдарламаның жұмыс уақытысы аяқталғаннан кейін, әмбебап ас әзірлегіш құрылғы дыбыстық сигналын шығарады да, содан кейін уақыттың тікелей есебімен автоматты түрде ЖЫЛЫТУ режиміне ауысады, осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың (5.4.) тарауында сипатталған нұсқауларын қараңыз.

«Пицца» бағдарламасы

Бұл бағдарламасы танымал итальяндық тағам – пиццаны әзірлеуге арналған.

Бұл бағдарламада әзірлеу кезінде құрылғының **қақпағын жауып, оны жабық күйінде** қалдыруға кеңес беріледі.

Бұл бағдарлама үшін кейінге қалдырылған старт функциясы қолжетімді, осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың (5.2.) тарауында сипатталған нұсқауларын қараңыз.

Бұл бағдарлама үшін кейінге қалдырылған старт функциясы қолжетімді, осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың (5.2.) тарауында сипатталған нұсқауларын қараңыз.

Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың «Жұмыс тәртібі» 5.1.тарауында көрсетілген нұсқауларын басшылыққа ала отырып, оның барлық ережелерін қолданыңыз.

Барлық қажетті тағамдық өнімдерін барлығын, тағам әзірлеудің рецептурасына сәйкес, тостаққа салыңыз. Әмбебап ас әзірлегіш құрылғының ішіне тостақты орнатыңыз.

Бұл бағдарламаның орындауына алдын ала әдепкі қалпы бойынша белгіленген әзірлеу уақыттың бастапқы мәні – 25 минутқа тең. Әзірлеудің уақыттық диапазоны 20 минуттан бастап 2 сағатқа дейін вариацияланып, өзгертіліп тұру мүмкін, әзірлеудің уақыттық диапазонын минималды 5 минуттық ауыспалы қадамымен өзертуге болады.

“СТАРТ” батырмасын басу арқылы бұл әзірлеу бағдарламаны іске қосыңыз.

Сонымен әзірлеу бағдарламаның жұмыс уақытысы аяқталғаннан кейін, әмбебап ас әзірлегіш құрылғы дыбыстық сигналын шығарады да, содан кейін уақыттың тікелей есебімен автоматты түрде ЖЫЛЫТУ режиміне ауысады, осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың (5.4.) тарауында сипатталған нұсқауларын қараңыз.

«Қарақұмық» бағдарламаның орындалуы аяқталған соң, әзірленген тағамды ЖЫЛЫТУ режимінде 15 минуттан артық уақытқа қалдыруға кеңес берілмейді.

Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың «Жұмыс тәртібі» 5.1.тарауында көрсетілген нұсқауларын басшылыққа ала отырып, оның барлық ережелерін қолданыңыз.

Барлық қажетті тағамдық ингредиенттерді, тағам әзірлеудің рецептурасына сәйкес, тостаққа салыңыз. Әмбебап ас әзірлегіш құрылғының ішіне тостақты орнатыңыз. Барлық қажетті тағамдық ингредиенттерді «Қуыру» бағдарлама бойынша рецептураға сәйкесінше алдын-ала қуырып алуға болады.

Бұл бағдарламаның орындауына алдын ала әдепкі қалпы бойынша белгіленген әзірлеу уақыттың бастапқы мәні – 20 минутқа тең. Әзірлеудің уақыттық диапазоны 20 минуттан бастап 1 сағатқа дейін вариацияланып, өзгертіліп тұру мүмкін, әзірлеудің уақыттық диапазонын минималды 5 минуттық ауыспалы қадамымен өзертуге болады.

Әзірлеудің температуралық диапазоны, яғни температураның таралу аралығы 120°C градустан бастап 160°C градусқа дейін вариацияланып, өзгертіліп тұру мүмкін. Әзірлеудің температуралық диапазонын 10°C градус ауыспалы қадамымен өзертуге болады.

“СТАРТ” батырмасын басу арқылы бұл әзірлеу бағдарламаны іске қосыңыз.

Сонымен әзірлеу бағдарламаның жұмыс уақытысы аяқталғаннан кейін, әмбебап ас әзірлегіш құрылғы дыбыстық сигналын шығарады да, содан кейін уақыттың тікелей есебімен автоматты түрде ЖЫЛЫТУ режиміне ауысады, осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың (5.4.) тарауында сипатталған нұсқауларын қараңыз.

35.6. Тағам әзірлеу бағдарламалардың қысқаша кестесі

| Әзірлеу бағдарламасы | Бағдарламаның орындалуына әдепкі қалпы бойынша алдын ала белгіленген әзірлеудің бастапқы параметрлері, әзірлеу уақыты мен температурасы * | Уақыттық және температуралық параметрлерін реттеу | Құрылғы қақпағының орналасуы бойынша кеңестер | «Кейінге қалдырылған старт» функциясын қолдану мүмкіндігі |
|----------------------|--|--|---|---|
| Менің рецептім Plus | Әзірлеудің уақыттық мәні - 5 минут (Менің рецептім Plus бағдарламаның барлық үш әзірлеу кезеңдерінің жұмыс уақытының ұзақтығы, тұтастай алғанда максималды –16 сағат құрайды; Әзірлеудің бір кезеңіндегі жұмысының максималды ұзақтығы – 9 сағат 55 минут.) Әзірлеудің температуралық мәні: 35°C градустан бастап – 160°C градусқа дейін орнатылады. | Әзірлеудің уақыттық диапазонын ауыспалы қадамымен өзертуге болады, егер де, әзірлеудің уақыттық диапазоны: 5 минуттан бастап 45 минутқа дейін болса, – 1 минуттық ауыспалы қадамымен өзертуге болады; 45 минуттан бастап 1сағат 30 минутына дейін болса, – 5 минуттық ауыспалы қадамымен өзертуге болады; 1 сағат 30 минуттан бастап 3 сағатқа дейін болса, – 10 минуттық ауыспалы | Ашық /Жабық | Бар |

| | | | | |
|-----------------|---|--|-------|-----|
| | | қадамымен өзгертуге болады; 3 сағаттан бастап 9 сағат 40 минутына дейін болса, – 20 минуттық ауыспалы қадамымен өзгертуге болады; 9сағат 40минуттан бастап 9 сағат 55 минутына дейін болса, – 15 минуттық ауыспалы қадамымен өзгертуге болады. Әзірлеудің температуралық диапазонын ауыспалы қадамымен өзгертуге болады, егер де, әзірлеудің температуралық диапазоны: 35°C градустан бастап - 110°C градусқа дейін болса, 5°C градус ауыспалы қадамымен өзгертуге болады; 110°C градустан бастап - 160°C градусқа дейін болса, 10°C градус ауыспалы қадамымен өзгертуге болады. | | |
| Көже | 1 сағат / 97°C градус. | 1 сағаттан бастап – 4 сағатқа дейін болса, – 10 минуттық ауыспалы қадамымен өзгертуге болады. | Жабық | Бар |
| Іркілдек | 6 сағат / 93°C градус. | 2 сағаттан бастап – 8 сағатқа дейін болса, – 1 сағаттық ауыспалы қадамымен өзгертуге болады. | Жабық | Бар |
| Қуыру | 30 минут. | 10 минуттан бастап – 1 сағатқа дейін болса, – 5 минуттық ауыспалы қадамымен өзгертуге болады. Әзірлеудің температуралық диапазоны: 100°C градустан бастап - 160°C градусқа дейін болса, 10°C градус ауыспалы қадамымен өзгертуге болады. | Ашық | Бар |
| Буда пісіру | Әзірлеудің уақыттық мәні - 5 минут / 115 °C градустан бастап - 120°C градусқа дейін орнатылады. | 5 минуттан бастап – 1 сағатқа дейін болса, – 1 минуттық ауыспалы қадамымен өзгертуге болады. | Жабық | Бар |
| Бұқтыру | 2 сағат / 93°C градус. | 30 минуттан бастап – 8 сағатқа дейін болса, – 30 минуттық ауыспалы қадамымен өзгертуге болады. | Жабық | Бар |
| Бұқтырып дәмдеу | Әзірлеудің уақыттық мәні - 5 сағат / бірінші ширек сағаттың ішінде- 45°C градус, екінші ширек сағаттың ішінде - 65°C градус, үшінші ширек сағаттың ішінде- 85°C градус, төртінші ширек сағаттың ішінде-95°C градус. | 1 сағаттан бастап – 8 сағатқа дейін болса, – 10 минуттық ауыспалы қадамымен өзгертуге болады. | Жабық | Бар |

| | | | | |
|------------------|--|---|--|-----|
| Палау | 1 сағат / 120 °C градустан бастап -125°C градусқа дейін орнатылады. | 20 минуттан бастап – 2 сағатқа дейін болса, – 5 минуттық ауыспалы қадамымен өзгертуге болады. | Жабық | Бар |
| Сосискалар | 15 минут / 125°C градус. | 8 минуттан бастап – 50 минутқа дейін болса, – 1 минуттық ауыспалы қадамымен өзгертуге болады. | Жабық | Бар |
| Жарма | 40 минут / 115°C градус. | 20 минуттан бастап – 2 сағатқа дейін болса, – 5 минуттық ауыспалы қадамымен өзгертуге болады. | Жабық | Бар |
| Сүтті ботқа | 1 сағат / 95°C градус. | 10 минуттан бастап – 1 сағат 30 минутқа дейін болса, – 5 минуттық ауыспалы қадамымен өзгертуге болады. | Жабық | Бар |
| Жылыту | 20 минут / 105°C градус. | 10 минуттан бастап – 1 сағатқа дейін болса, – 5 минуттық ауыспалы қадамымен өзгертуге болады. | Жабық | Бар |
| Соте | 2 сағат / 90°C градус. | 1 сағаттан бастап – 8 сағатқа дейін болса, – 30 минуттық ауыспалы қадамымен өзгертуге болады. | Жабық | Бар |
| Дәмді пісірмелер | 1 сағат / 130°C градус. | 30 минуттан бастап – 3 сағат 30 минутқа дейін болса, – 10 минуттық ауыспалы қадамымен өзгертуге болады. | Жабық | Бар |
| Паста | Әзірлеудің уақыттық мәні - 8 минут / 105 °C градустан бастап -115°C градусқа дейін орнатылады. | 5 минуттан бастап – 20 минутқа дейін болса, – 1 минуттық ауыспалы қадамымен өзгертуге болады. | Су қайнағанша құрылғының қақпағы жабық күйінде болуы тиіс, содан су қайнағаннан кейін оны ашып, ашық күйінде қалдырыңыз. | Бар |
| Қыздырып пісіру | 30 минут / 145°C градус. | 10 минуттан бастап – 2 сағат 30 минутқа дейін болса, – 5 минуттық ауыспалы қадамымен өзгертуге болады. | Жабық | Бар |
| Йогурт | Әзірлеудің уақыттық мәні - 8 сағат / 38 °C градустан бастап - 42°C градусқа дейін орнатылады. | 4 сағаттан бастап – 12 сағатқа дейін болса, – 30 минуттық ауыспалы қадамымен өзгертуге болады. | Жабық | Бар |
| Сорпа | 1 сағат 30 минут / 97°C градус. | 5 минуттан бастап – 1 сағат 30 минутқа дейін болса, – 5 минуттық ауыспалы қадамымен өзгертуге болады. | Жабық | Бар |
| Тұшпара | 15 минут / 125°C градус. | 5 минуттан бастап – 50 минутқа дейін болса, – 1 минуттық ауыспалы қадамымен өзгертуге болады. | Су қайнағанша құрылғының қақпағы жабық күйінде болуы тиіс, содан су қайнағаннан кейін оны ашып, ашық | Бар |

| | | | | |
|-----------|--------------------------|--|------------------------------|-----|
| Пицца | 20 минут. | 20 минуттан бастап – 1 сағатқа дейін болса, – 5 минуттық ауыспалы қадамымен өзгертуге болады. Әзірлеудің температуралық диапазоны: 120°C градустан бастап - 160°C градусқа дейін болса, 10°C градус ауыспалы қадамымен өзгертуге болады. | күйінде қалдырыңыз. Жабық | Бар |
| Қарақұмық | 25 минут / 115°C градус. | 20 минуттан бастап – 2 сағатқа дейін болса, – 5 минуттық ауыспалы қадамымен өзгертуге болады. | Жабық | Бар |

*** Температураны қолмен реттеу мүмкіндігі қарастырылған бағдарламаларда пайдаланушы қажетті температуралық көрсеткішті қолмен орнатады, өнімнің даярлығы, әзірлеу уақытысы мен температуралық көрсеткішті дұрыс таңдау әрекетіне тікелей байланысты.**

Автоматты бағдарламалардың температуралық реттеулері тек анықтама үшін берілген, әзірлеу үдерісі барысында оларды өзгерту пайдаланушының қатысуынсыз автоматты түрде жүреді.

Сондай-ақ бағдарлама жұмысының түрлі кезеңдерінде (тостақтың ішіне салынған өнімге байланысты) нақты белгіленген болып табылатын температуралық көрсеткіш анықтамада келтірілген мәннен өзгеше болуы мүмкін.

Мысалы: егер тостақтың ішінде су болса және 115 °C-қа тең температураны орнататын болсаңыз, көрсеткішті өлшеу барысында тостақтағы температуралық көрсеткіш 100 °C-тан аспайды (судың қайнау нүктесі), сондай-ақ тостақтағы су қарқынды түрде қайнайды. Орнатылған температура мен шынайы температуралық көрсеткіштің арасындағы айырмашылық құрылғының ақаулы екендігін білдірмейді.

Егер бағдарламада пісіру қарастырылса (сүмен жұмыс жасаған жағдайда), су қайнап сүалса немесе тостақтың ішінде су болмаса, бағдарлама автоматты түрде сөнеді, себебі тостақ түбінің температурасы бұл бағдарлама үшін қарастырылған қауіпсіздік шегінің көрсеткішінен асып түседі. Судың болмауы жағдайында бағдарламаның сөну әрекеті қорғаныс жүйесінің қалыпты реакциясы болып табылады.

Өлшеу жұмысын жүргізу барысында келесілерді ескеру қажет:

- Температураны өлшеу нүктесі құрылғының ішіне орнатылған тостақ түбінің орталығында орналасқан, өлшеу құрылғының қақпағы жабық күйінде бекітілген құрылғы (термопара – термо электрлі өңдегіш) көмегімен іске асады.
- Көрсеткішті дұрыс түрде бағалау үшін өлшеу жұмысын бағдарламаның жүруі барысында өткізу қажет, өлшеуді әрбір 30 секунд сайын жүргізу керек.
- На Пайда болған көрсеткіштердің негізінде температуралық-уақыттық тәуелділіктің диаграммасы құрылады, айтарлықтай өзгермейтін максималды және минималды көрсеткіштердің барысында температурасы кезеңдік түрде өзгертін аймақ анықталады (термостат аймағы).
- Анықтамада келтірілген температура көрсеткіші термостат аймағындағы өлшенген минималды және максималды көрсеткіштің аралығындағы мәнді қамтиды.

Өлшеу жұмысы кезінде автоматты бағдарламалардың ерекшеліктерін ескеру қажет:

- Егер бағдарламада сұйықтықпен (сүмен) жұмыс қарастырылған болса, өлшеу кезінде тостаққа 1 л. сү құюға қажет.
- Егер бағдарламада сү қажет етілмесе, өлшеуді бос тостақпен жүргізу қажет.

Егер тостақтың ішінде өнімдер болатын болса, өлшеу барысында шыққан көрсеткіштер анықтамадағы мәннен өзгеше болуы мүмкін, себебі өнімдердің құрамында түрлі сұйықтықтар (сү) бар, бұл судың қайнауы барысында оның көрсеткіші физиканың заңдылығы бойынша 100 °C-тан аса алмайды.

Орнатылған көрсеткішке жақын көрсеткішті алу үшін қайнау температурасы анықтамада келтірілген көрсеткіштен асатын (мысалы, өсімдік майы), салмағы өнімнің салмағына тең сұйықтықты қолдану қажет.

36. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАЗARTУ ЖӘНЕ ОҒАН КҮТІМ КӨРСЕТУ ШАРТТАРЫ

- Тағам әзірлеп болғаннан кейін құрылғыны алдын ала тазалап алған жөн, оны тазартпас бұрын әмбебап ас әзірлегіш құрылғыны, оның ішін әркез тағам қалдықтарынан және өзге де ластанулардан сүртіп тазартыңыз.
- Тазарту барысында, әмбебап ас әзірлегіш құрылғының және оның барлық бөлшектерін тазартқан кезде не жуу барысында құрылғының ластанған жерлерін, кір бөліктерін тазарту үшін метал сымы бар қылшақтарды және еріткіштерді қолданбаңыз.
- Егер де, тағамның қалдықтары құрылғының ішкі тостағына жабысып, қатып қалған болса, тостақты жуудың алдында сумен толтырып қойыңыз. Ішкі тостақты жуып болғаннан кейін, оны құрғақ шүберекпен құрғата сүртіңіз.
- Құрылғының сыртқы корпусын суға батырмаңыз. Құралдың сыртқы корпусын тазарту үшін сәл дымқыл, ыдыс жууға арналған ысқышты немесе жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз.
- Күюге қарсы жабыны бар ішкі тостақты және буда пісіруге арналған ыдысты (буда пісіргіш-контейнерді) ыдыс жууға арналған машинада жууға болады. Ыдыс жуғыш машинаны пайдалану барысында тостақтың машинаның құрамдас бөліктеріне зақымдалмауын қадағалаңыз. Алюминийден жасалған тостақтың сыртының бүлінуін алдын алу үшін ыдыс жуғыш құралына берілген нұсқаулықты, қолданылатын тазарту құралдарының сипаттамаларын басшылыққа алыңыз.
- Құрылғының бу шығаратын қақпақшасы (клапаны) да алынбалы құрылымға ие, оның бітелуін болдырмау үшін тұрақты түрде сумен тазарту қажет. Бу шығаратын қақпақшасының және бу шығаратын саңылауының бітелуіне жол бермеңіз. Қажет болған жағдайда құрылғының бу шығаратын қақпақшасын тұрақты түрде шешіп, тазартыңыз.
- Әрбір әзірлеу үдерісінен кейін құрылғының бұйыр жағындағы бөлігінде орналасқан конденсат қабылдағыш құралын шешіп алып, оның ішінде жиналған суды тогіп, босатыңыз. Ол үшін конденсат қабылдағыш құралын өзіңізге қарай тартып, шешіп алыңыз. Содан кейін оны жуып, сүртіп құрғатыңыз да, орнына орнатыңыз.
- Тағамдық өнімдерді араластыру үшін тек ағаш қалақты немесе құрылғымен бірге жеткізілген, яғни құрылғының жеткізілім жиынтықтылығына кіретін арнайы пластмассадан жасалған қасықты пайдаланыңыз.
- Тостаққа сірке қышқылын құймаңыз, бұл тостақтың бүлінуіне әкеп соғуы мүмкін.
- Бірнеше уақыттан кейін тостақтың түсі өзгеруі мүмкін, мұндай әсердің болуы сумен және жуғыш құралдарымен жанасқандықтан болады, бұл қалыпты құбылыс болып табылады, сонымен әмбебап ас әзірлегіш құрылғыны еш қауіпсіз одан әрі пайдалана беруге болады.
- Әмбебап ас әзірлегіш құрылғыны және оның бөлшектерін тазарту үшін абразивті заттары бар жуғыш құрылғыларды ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.

37. ҚҰРЫЛҒЫНЫ САҚТАУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Электрлі құралдарды тасымалданатын нақты бір көлік түрінде әрекет ететін жүкті тасымалдау және жүк тиеу-түсіру жұмыстарын қамтамасыз ететін жүкті тасымалдау ережелеріне сәйкес жабық көлік құралдарының кез келген түрінде тасымалдайды.
- Құралды тасымалдау барысында түпнұсқалық зауыттық орама мен қаптама қорабын пайдаланыңыз.
- Құрылғыларды тасымалдау барысында оларды тікелей механикалық бүлінулерден, қызудан, оған тіке күн сәулесінің, атмосфералық жауын-шашындардың түсуінен, ылғал мен агрессивті жемірлі орталар әсер етуінен қорғау шарттары қамтамасыз етілуі керек, сондай-ақ, құрылғылардың бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмау үшін жоғарыда аталған әсерлердің кездейсоқ тигізу мүмкіндігін болдырмауы керек.
- Электрлі құрылғылар қоршаған ауа температурасы плюс 40°C-тан аспайтын, және салыстырмалы ылғалдығы 70%-дан жоғары емес, қышқылды, сондай-ақ, электрлі құралдар материалдарына теріс әсер ететін өзге де будың, шаңның болмауы жағдайында жабық, құрғақ әрі таза бөлмежайда сақталуы тиіс.

38. ҚАЛДЫҚТАРДЫ КӘДЕГЕ ЖАРATУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР

Бұйымды кәдеге жарату барысында пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативті құжаттары бойынша көзделген қолданыстағы ережелер мен нормаларға сәйкес, соның ішінде «Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру мен залалсыздандыру бойынша гигиеналық талаптар» Санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға 2.1.7.1322-03 сәйкес кәдеге жарату үшін міндетті түрде жиналуы тиіс.



Назар аударыңыздар! Пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін электр құрылғыны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмай, оны одан әрі кәдеге жарату мақсатында, қалдықтарды қабылдаумен, қайта өңдеумен және кәдеге жаратумен айналысатын ресми пунктке өткізіңіз. Сөйтіп, Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.



Осы құрылғыны пайдалану барысында жарақаттанып қалу мүмкіндігін болдырмау мақсатында, сондай-ақ бұл құрылғының бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмау үшін, сонымен қатар өрт қаупі бар жағдайларды болдырмау үшін осы нұсқалықта берілген барлық қауіпсіздік жөніндегі талаптары мен ережелерін және де, тұрмыстық электрлі құрылғылармен пайдалану кезіндегі қауіпсіздік бойынша барлық қолданыстағы жалпы нұсқауларын және техникалық пайдалану қағидаларын, сонымен бірге бұл құрылғымен жұмыс атқару барысындағы қауіпсіздік жөніндегі негізгі сақтық шараларын қатаң сақтау қажет.

39. ТҰРМЫСТЫҚ ЭЛЕКТРЛІК ҚҰРЫЛҒЫЛАРМЕН ПАЙДАЛАНУ БАРЫСЫНДА ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР

- Бұл құрылғы электр энергетикасы саласындағы заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес пайдаланылуы тиіс, яғни құрылғының пайдалануы «Тұтынушылардың электрлі қондырғыларын техникалық пайдалану қағидалары» бойынша тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану тәртібін айқындайтын ережелерінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Бұл құрылғы тек қана үйде тұрмыстық мақсатта пайдаланылуы тиіс.
- Құрылғы осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың ережелеріне сәйкес тек мақсаты бойынша пайдаланылуы тиіс.
- Аталмыш құрылғыны қолдануға қатысты қауіпсіздіктері үшін жауап беретін тұлғаның нұсқаулығы жүргізілген немесе қадағалау жүзеге асырылған кездерді есепке алмағанда, білімі мен тәжірибесі жоқ немесе жүйке жүйесінде немесе психикалық, физикалық ауытқулары бар тұлғалардың (балаларды қоса алғанда) қолдануына арналмаған. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеу үшін оларды қадағалап отырыңыз.
- Бұл құрылғыны пайдалануды бастамас бұрын осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты міндетті түрде, толығымен мұқият оқып шығыңыз.
- Әр жолы құрылғыны іске қоспас бұрын, оны қарап шығыңыз. Құрылғының және оның электр желілік баусымның қандай да бір ақаулығы анықталған жағдайда, құрылғыны электрлі желіге, ашалы розеткаға қосуға мүлдем болмайды.
- Құрылғыны және оның электрлі желілік баусымын қыздыру не жылу шығаратын көздерінен және өзге де электрлі құралдардан алыс қашықтықта орналастырыңыз, құрылғы және оның электрлі желілік баусымы ыстық ауаның тікелей күн көзіне, жоғары температураның әсеріне, тікелей күннің жарық сәулесінің және де жауын-шашындардың түсуіне және ылғалға ұшырамайтындай етіп, яғни құрылғылардың бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмайтындай етіп, сақталуы керек.
- **Назар аударыңыздар! Құрылғыны ванна, ыдыс-аяқ жуатын шұңғылша немесе сумен толтырылған басқа ыдыстардың қасында пайдалануға болмайды.**
- Құрылғыны ешбір жағдайда суға немесе басқа сұйықтықтарға батырып салуға мүлдем болмайды. Ылғал қолмен құрылғыны ұстауға болмайды. Құрылғы дымқылданса, оны бірден электрлік қоректену желіден ажыратыңыз.
- Құрылғы суға түсіп кеткен жағдайда, оны бірден электрлік қоректену желіден ажыратыңыз. Сонымен бұл кезде қолды суға малуға мүлдем болмайды. Құрылғыны екінші мәрте пайдаланудың алдында оны білікті маман тексеріп шығуы керек.
- Құрылғыны тек қана ауыспалы тоқ көзіне ғана қосыңыз (~). Құрылғыны электр желіге қоспас бұрын, электр желідегі қолданылатын электрлік параметрлерін тексеріңіз, бұл құрылғының техникалық сипаттамаларына сәйкес болғанына көз жеткізіңіз.
- **Кез келген ақау бола тұра құрылғыны іске қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.**
- Құрылғыны тек қана жерге тұйықталған желіге ғана қосуға қажет. Сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін жерлендіру бекітілген электр техникалық нормаларға сәйкес келуі тиіс. Техникалық стандартқа сай келмейтін қуат беру және электрлік қоректендіру көздері мен ұзартқыш және үшжақты жалғаулық секілді қосу құрылғыларын пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны бөлмежайдан тысқары жерде пайдаланбаңыз. Құрылғыны сүйір бұрыштарға соғылуынан сақтаңыз. Құрылғыны тазартпас бұрын, немесе оны пайдаланып болғаннан кейін, сонымен құрылғы сынып қалса, оны әрдайым электрлік желіден ажыратыңыз.

- Құрылғыны оның электрлік қоректену желілік баусымнан ұстап тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ, құрылғыны оның электрлік қоректену желілік баусымнан ұста, тартып тоқ көзінен ажыратуға тыйым салынады. Құрылғыны электрлік қоректену желіден ажыратқан кезінде оның электрлік қоректену желілік баусымның штепсельді айыршасынан ұстаңыз.
- Құрылғының жеткізілім жиынтықтылығына кірмейтін қосымша аксессуарларды пайдалану Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.
- Құрылғымен пайдаланып болған соң, оның электрлік қоректену желілік баусымын құрылғыны айналдыра орауға болмайды, себебі, уақыт өте келе бұл баусымның үзілуіне әкеп соғуы мүмкін. Қашанда сақтау үшін сымды жақсылап тарқатыңыз.
- Құрылғыны өз бетіңізбен жөндеуге болмайды. Электрлік қоректену желілік баусымын жөндеу не ауыстыру жұмыстарын тек қызмет көрсету орталығының білікті мамандары ғана жүзеге асыруы керек.
- Құрылғыны жөндеу үшін тек қана түпнұсқалы қосалқы бөлшектерді пайдалануға қажет.

40. ӘМБЕБАП АС ӘЗІРЛЕГІШ ҚҰРЫЛҒЫМЕН ЖҰМЫС АТҚАРУ БАРЫСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

- Әмбебап ас әзірлегіш құрылғыны пайдалану барысында оның айналасында жеткілікті түрдегі бос орынның болуын қамтамасыз етіңіз. Әмбебап ас әзірлегіш құрылғы жиһаз, перде және басқа да, сол секілді өрт қауіптілігі бар өртенгіш нысандардан 15 см артық қашықтықта орналасуы қажет.
- Құрылғыны тікелей қабырға мен жиһаздардың жақын маңында орналастырмаңыз, себебі оның жұмысы барысында құралдан бу шығады, бұл бу тию салдарынан жиһаз заттарының және қабырғаның сыртқы қабатының өзгерістеріне, мысалы пішін түрінің өзгеруіне, деформациялануына, сондай-ақ, олардың бүлінуіне, сыртқы түс түрінің өзгеруіне не жоғалуына, қара не ақ дақтардың пайда болуына әкеп соғуы мүмкін.
- Әмбебап ас әзірлегіш құрылғының жұмысы барысында оны сүлгімен немесе өзге заттармен жаппаңыз, оның ішінен бу еркін түрде шығуы қажет.
- Әмбебап ас әзірлегіш құрылғыны пайдалану барысында құрылғыны құрғақ, тегіс, термоберік қабатта орналастырыңыз, құрылғының түбіндегі ауа желдеткіш саңылаулардың бөгде заттармен, дастарханмен, матадан жасалған төсемдермен немесе өзге де заттармен жабылмауын қадағалаңыз, бұл құрылғының қатты қызып кетуіне әкеп соғуы мүмкін.
- Құрылғыны алғаш рет пайдаланар алдында, оның бөгде не жағымсыз иісін кетіру үшін әмбебап ас әзірлегіш құрылғының ыдысына суды шамалы оның тостақтың жартысына дейін құйып, температуралық («Бұда пісіру») режимін қолданып, суды 30 минут бойы қайнатып алыңыз.
- Әмбебап ас әзірлегіш құрылғының ішкі тостағы құрылғыға орнатылмаған болса, әзірлеу бағдарламаларын іске қосуға тыйым салынады, сондай-ақ, әзірлеу бағдарлама іске қосылып, орындалып жатқан кезде, яғни әзірлеу үдересі барысында әмбебап ас әзірлегіш құрылғыдан тостақты шығаруға болмайды.
- Әмбебап ас әзірлегіш құрылғыны жылу көзінің маңында пайдаланбаңыз, яғни жылу шығаратын құралдардан (электр немесе газ асүй пештері) сияқты от көздерінен алыс жерге орналастыру қажет.
- Күйіп қалмас үшін жұмыс істеп тұрған әмбебап ас әзірлегіш құрылғыны қолмен ұстамаңыз. Пайдаланып болғаннан кейін, құрылғы суығанша күте тұрыңыз, кері жағдайда терінің күйіп қалу қаупі бар.
- Әмбебап ас әзірлегіш құрылғыны электрлік қоректену желіге жалғастырмас бұрын, электр желідегі кернеуді тексеріңіз.
- Егер Сіз тағамды әзірлемейтін болсаңыз, әмбебап ас әзірлегіш құрылғыны электрлік қоректену желіден ажыратыңыз, оны желіге қосылған күйінде қалдырмаңыз.
- Әмбебап ас әзірлегіш құрылғыны электрлік қоректену желіден ажыратар алдына қашанда құрылғы күту режимінде тұрғанына, сондай-ақ, оның ешбір әзірлеу бағдарламасы іске қосылып тұрмағанына көз жеткізіңіз.
- Әмбебап ас әзірлегіш құрылғы электрлік қоректену желіге қосылып тұрған кезде, ешқашан құрылғыны көтеруге/жылжытуға, сондай-ақ, оның орнын ауыстыруға тыйым салынады.
- Әмбебап ас әзірлегіш құрылғының қақпағында орналасқан тұтқасын қолданып, құрылғыны көтеріп, тасымалдауға болмайды, бұл тұтқасы құрылғыны тасымалдау үшін арналмаған. Әмбебап ас әзірлегіш құрылғының қақпағында орналасқан тұтқасын қолданып, құрылғыны көтеріп, тасымалдау бұл қақпақ жағында орналасқан бекіткіш құлпының бұзылуына не зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Құрылғының ішкі тостағаны тағамдық өнімдермен толтырылған болса, әмбебап ас әзірлегіш құрылғының орнын алмастыруға немесе оны көтеріп, тасымалдауға болмайды.
- Әмбебап ас әзірлегіш құрылғы іске қосылып тұрған кезде, яғни жұмыс үдересі барысында оның ішкі тостағын (кастрөлді) қолмен ұстамаңыз.
- Тостақтың ішкі қабатын соқпаңыз және күш салып тостақты жұмаңыз, сонымен қатар әмбебап ас әзірлегіш құрылғыны және оның тостағын тазартқан кезде абразивті заттары бар тазартқыш құрылғыларды және агрессивті заттары бар жуғыш құрылғыларды пайдаланбаңыз.
- Тостақтағы өнімдерді араластыру немесе оларды шығару мақсатында металл ас үй саймандарын пайдаланбаңыз, бұл саймандар құрылғының күйіп қалудан сақтайтын жабының (оның күюге қарсы жабының) зақымдауы мүмкін. Ағаш, пластик немесе силикон бұйымдарды қолданыңыз.

- Әзірлеу үдерісі жүріп жатқанда тостақтың ішінде ас үй саймандарды қалдыруға болмайды.
- Егер әмбебап ас әзірлегіш құрылғыда оның тығыздауыш дөңгелегі орнатылмаған болса немесе ол бүлінсе, құрылғыны пайдалануға мүлдем болмайды. Тығыздауыш дөңгелекті ауыстыру үшін авторландырылған (өкілетті) қызмет көрсету орталығына хабарласу қажет.
- Әмбебап ас әзірлегіш құрылғының ішкі тостағында тамақты, тағамдық өнімдерді немесе суды ұзақ уақытқа қалдыруға болмайды.
- Тостаққа тағам өнімдерін салған кезде, оны аса толтыруға болмайды, тостақты оның максималды толтыру белгісінен асыра өнімдермен толтырмаңыз.
- Тостақтың ішіне сірке қышқылын құймаңыз, ол тостақтың жабының бүлдіруі мүмкін.
- Әмбебап ас әзірлегіш құрылғының тостағын оның әмбебап ас әзірлегіш құрылғыдан бөлек қолданбаңыз, оны плитаның үстінде және өзге де электр не пеш секілді жылу көздерінде қыздыруға тыйым салынады.
- Әмбебап ас әзірлегіш құрылғының тостағына тағамдық өнімдерін салып, аластыруға болмайды және де, оны тағам сақтайтын ыдыс- контейнер ретінде қолданбаңыз, яғни бұл тостақты үй аспабы ретінде тұтынуға тыйым салынады.
- Әмбебап ас әзірлегіш құрылғының тостағын өзге ыдыспен немесе басқа әмбебап ас әзірлегіш құрылғының ыдысымен алмастыруға болмайды.
- Алынбалы тостақ пен құрылғының ішкі корпусының арасында сұйықтық немесе өзге де бөгде заттар болмауы тиіс.
- Жарма немесе күріш өнімдерден гарнир тағамын әзірлеу барысында, тостақтағы жарма мен судың тағам әзірлеудің рецепті бойынша ұсыңылған арасалмағын сақтаңыз.
- Бірнеше уақыттан кейін тостақтың түсі өзгеруі мүмкін, мұндай әсердің болуы сумен және жуғыш құралдарымен жанасқандықтан болады, бұл қалыпты құбылыс болып табылады, сонымен әмбебап ас әзірлегіш құрылғыны еш қауіпсіз одан әрі пайдалана беруге болады.
- Өндіруші осы пайдалану бойынша Нұсқауда қарастырылмаған немесе дұрыс пайдаланбаудың нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты емес.

41. ЕГЕР СІЗДЕ ҚАНДАЙ ДА БІР АҚАУ ПАЙДА БОЛСА

| Ақауларға қатысты мәселелер | Мүмкін себебі | Жою тәсілдері |
|--|---|---|
| Құрылғының жұмыс индикаторы жанбайды, қыздыру элементі жұмыс істемейді. | <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәселе электр қоректендіруде. 2. Қызып кету салдарынан термо сақтандырғыш жұмыс жасамайды (құрылғының сыртқы корпусындағы ауа алмасатын желдеткіш саңылауларын бөгде заттармен немесе жабын материалдармен жабылған жағдайда – пайдалану талаптары бұзылған болып есептеледі).. 3. Электроникадан кеткен ақау. | <p>Құрылғының электрлік қоректену желіге дұрыс қосылып тұрғандығын тексеріңіз.</p> <p>Құрылғының электр желілік баусымның құрылғыдағы сыртқы корпусында орналасқан электр жалғағышқа нық қосылып тұрғандығын тексеріңіз.</p> <p>Авторландырылған (өкілетті) қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.</p> |
| Құрылғының жұмыс индикаторы жанып тұр, бірақ қыздыру элементі жұмыс істемей тұр. | Электроникадан кеткен ақау, қыздыру элементіндегі ақау. | Авторландырылған (өкілетті) қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. |
| Тағам тым ұзақ әзірленеді | 1. Электрлік қоректену желіде ток жоқ. | Құрылғының электрлік қоректену желіге қосылып тұрғандығын тексеріңіз. |
| | 2. Қыздыру элементі ақаулы. | Авторландырылған (өкілетті) қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. |

| | | |
|--|--|---|
| | 3. Әмбебап ас әзірлегіш құрылғының ішкі тостағы бір жаққа қарай қисық орнатылған немесе оның корпусының деформациялануы, әлде бұл тостақ осы құрылғының моделіне сай келмейді. | Құрылғының ішкі тостағын тексеріңіз, оның құрылғыға дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз. Деформацияланған тостақты осы әмбебап ас әзірлегіш құрылғының моделіне сай келетін, ақаулы емес өзге тостақпен алмастырыңыз. |
| | 4. Қыздыру пластинаның және кастрөлдің арасында бөгде зат (кір/лас) орын алған. | Бөгде затты алып шығарыңыз, кірді жойыңыз. |
| Дисплейдің бетінде қателіктер кодтары көрініс табады E1 және E3 | Термотетік тізбегіндегі ақау немесе құрылғының қатты қызып кетуінің салдары. | Әмбебап ас әзірлегіш құрылғы суығанша күте тұрыңыз. Суылған құрылғыны іске қосқан сәтте ақау қайтадан анықталса - авторландырылған (өкілетті) қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. |

42. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҒЫ

Құрылғы - 1 дана.
Құрылғының электрлік қоректену желілік баусымы - 1 дана.
Күюге қарсы жабыны бар ішкі тостақ - 1 дана.
Буда пісіруге арналған ыдыс- контейнер - 1 дана.
Жайпақ қасық - 1 дана.
Өлшеуіш стақан -1 дана.
Ас қасық - 1 дана.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық
Қызмет көрсету орталықтарының тізімі
Кепілдік талоны
Рецепт кітабы
Құрылғының орамасы (полиэтилен пакеті + қапталған қорабы).

43. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

PMC 0580AD - Polaris сауда маркасымен шығарылатын тұрмыстық электрлік әмбебап ас әзірлегіш құрылғы
Кернеуі: 220 - 240 В.
Жиілігі: ~50 Гц.
Қуаттылығы: 860 Вт.
Тостақтың жалпы көлемі (сыйымдылығы): 5 л.

Ескертпе: Өзгерістер мен жетілдіруді енгізудің ұдайы үрдісінің орын алуынан, нұсқаулық пен бұйымның арасында қандай да бір айырмашлық байқалуы мүмкін. Өндіруші, тұтынушының бұған назар аударатынына үлкен үміт артады. Нұсқаулықтың соңғы нұсқасын www.polar.ru сайтынан таба аласыз.

44. СЕРТИФИКАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ

Сәйкестік Сертификатының тіркеу нөмірі № TC RUC-US.AB37.B.02262

сериялық нөмірі RU № 0614376

Қолданылу мерзімі: 16.10.2017 мерзімінен бастап 15.10.2018 мерзіміне дейін жарамды.

Берілген ӨНІМДІ СЕРТИФИКАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ ОРГАНЫ Жауапкершілігі шектеулі қоғам “АЛЪЯНС”

Мекенжайы: 105064, Мәскеу қаласы, Сусальный Нижний шолақ көшесі, 5-үй., 18- тұрғын үй құрылысы, №1- тұрғын үй-жайы, №5-бөлмесі.

Құрылғының құрылымы «Төмен вольтты құрылғы қауіпсіздігі жөнінде» TP TC 004/2011, сондай-ақ «Техникалық құралдардың электрлі-магнитті сәйкестігі» TP TC 020/2011 талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның есептік жарамдылық мерзімі:

3 жыл.

Кепілдік мерзімі:

1 жыл сатып алған күннен бастап санағанда.

Ішкі тостаққа (кастрөлге) берілетін кепілдік мерзімі:

6 ай сатып алған күннен бастап санағанда.

Құрылғының өңделіп шығарылған күні мен жылы құрылғының сыртында көрсетілген.



Құрылғының құрылымы «Төмен вольтты құрылғы қауіпсіздігі жөнінде» TP TC 004/2011, сондай-ақ, «Техникалық құралдардың электрлі-магнитті сәйкестігі» TP TC 020/2011 талаптарына сәйкес келеді.

Өндіруші:

TEXTON CORPORATION LLC - «ТЕКСТОН КОРПОРЕЙШН» ЖШҚ.

160 Greentree Drive, Suite 101, City Dover, Country of Kent, State of Delaware 19904, United States of America

160 Гринтри Драйв, 101 тұрғын үй-жайы, Дувр қаласы, Кент округі, Делавэр Штаты, 19904, Америка Құрама Штаттары.

Зауытта:

ЧЖУНШАНЬ ПОЛАНС ЭЛЕКТРИК АППЛАЙАНСЕ КО., ЛТД / ZHONGSHAN POLANS ELECTRIC APPLIANCE CO., LTD

Дунгфу роуд, Дунгфен таун, город Чжуншань, Гуандун Китай

Dongfu Road, Dongfeng town, Zhongshan city, Guangdong, China

45. КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕ

Бұйым: Тұрмыстық электрлік әмбебап ас әзірлегіш құрылғы

Моделі: PMC 0580AD

Бұл кепілдік әрекеттегі заңдылықпен бекітілген тұтынушының құқығына қосымша ретінде өндірушімен берілген, және тұтынушының құқығын еш шектемейді. Бұл кепілдік бұйымды сатып алған күннен 12 ай бойына әрекетте болады, және материалдар мен жұмыс істеуіне байланысты ақаулар табылған жағдайда кепілдік қызмет көрсетуді білдіреді. Бұл жағдайда тұтынушы басқасын қоса алғанда, бұйымды тегін жөндеуге құқықты. Бұл кепілдік келесі шарттарды сақтағанда, жарамды:

1. Кепілдік міндеттеме «TEXTON CORPORATION LLC» компаниясы шығаратын барлық үлгілерге, кепілдік қызмет көрсетілетін елдердің барлығында жарамды (сатып алған жеріне қарамастан).
2. Бұйым тек қана тұрмыстық қажеттіліктерге пайдалану үшін сатып алынуы тиіс. Бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа, қауіпсіздік бойынша ережелер мен талаптарды сақтай отырып, пайдаланылуы тиіс.
3. Өндірушінің міндеттемесін осы кепілдік бойынша сатушылар – өндірушінің уәкілетті дилерлері және ресми қызмет көрсететін (қызмет көрсету) орталықтар орындайды. Бұл кепілдік өндіруші құзырлық бермеген сатушылардан сатып алынған бұйымдарға таралмайды, олар тұтынушы алдында заңға сәйкес, өздігінен жауап береді.
4. Бұл кепілдік келесі жәйттердің нәтижесінде пайда болған ақауларды жөндеуге, сонымен қатар құрылғының қандай да бір сыртқы қабатының өзгерістері байқалған жағдайда таралмайды:
 - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер етулер, құрт-құмырсқа немесе шыбын-шіркей секілді бөгде заттардың бұйымның ішіне түсіп кетуі, сұйықтық төгілген жағдайда;
 - Бұйымды тікелей мақсаты бойынша емес, дұрыс пайдаланбағанда, оның жиынтықтығына кірмейтін, қосымша керек-жарақтарын пайдаланғанда, сондай-ақ, бұйымды техника қауіпсіздігі ережелері мен талаптарын бұза отырып, орнатқанда және пайдаланғанда;
 - Құрылғыны қалыпты пайдалану салдарынан пайда болған сыртқы өзгерістер байқалса, сондай-ақ құрылғының функционалдық қасиетіне әсер тигізбейтін, қалыпты түрде тозған жағдайда: құралдың ішкі және сыртқы қабатының механикалық бүлінуі (металдың ішіне майысу, сызаттың түсуі, сыртқы түс түрінің өзгеруі не тіпті жоғалуы немесе қажалып бүлінуі), металл түсінің қалыпты өзгеруі, сондай-ақ, құрылғының метал бетінде құбылмалы немесе қара дақтардың пайда болуы, сонымен қатар, құрылғының бүлінген жерінде тоттанудың салдарынан металлдың бұзылуы, яғни металдың бетінде тотқа қарсы жабыны жоқ және жабыны бар жерлерінде коррозияның орын алуы салдарынан зақымдалған болса;
 - Жарамдылық мерзімі шектеулі әрлеу бөлшектері және шам, батареялар, қоқыс жинауға арналған сыйымдылықтар, белдіктер, қылшақтар, қорғаныс экрандары тозған жағдайда, сондай-ақ басқа да бұйымдарды, олардың пайдалану мерзімі шектеулі болған жағдайда;
 - Авторландырылған (өкілетті) қызмет көрсету орталықтар болып табылмайтын*, тұлғалар немесе фирмалар өндірген бұйымдардың жөндеуі;
5. Бұл кепілдік тек талонның түпнұсқасымен, сатушы берген тауарлы чектің түпнұсқасымен және ақауы табылған бұйыммен бірге көрсеткенде ғана жарамды болмақ.
6. Бұл кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланылатын бұйымдарға ғана жарамды, және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсатта қолданылатын бұйымдарға таралмайды.

POLARIS бұйымдарына кепілдік қызмет көрсету мәселелері бойынша Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңызға хабарласыңыз. Құрылғының ақаулы екендігі анықталса, тез арада қызмет көрсету орталығына хабарласу қажет.

* Авторландырылған (өкілетті) сервистік орталықтардың мекенжайлары Компания сайтында көрсетілген: www.polar.ru

Жеткізуші құрылғыны тасымалдау барысында, дұрыс емес пайдалану салдарынан, сондай-ақ құрылғының түрін өзгертіп түрлендіру әрекетіне байланысты, немесе өздігінен жөндеу жұмысын жүргізудің нәтижесінде туындаған ақау үшін жауапты емес.

McGrp.Ru



Сайт техники и электроники

Наш сайт McGrp.Ru при этом не является просто хранилищем [инструкций по эксплуатации](#), это живое сообщество людей. Они общаются на форуме, задают вопросы о способах и особенностях использования техники. На все вопросы очень быстро находят ответы от таких же посетителей сайта, экспертов или администраторов. Вопрос можно задать как на форуме, так и в специальной форме на странице, где описывается интересующая вас техника.